

# Үш тұрғын үй пайдалануға берілді



Павлодар қаласында ерекше оқиға. Еліміздің Тұңғыш Президенті күні қарсаңында көп қабатты 3 жаңа үй пайдалануға берілді. Нәтижесінде, бір күнде 432 отбасы баспаналы болды. Жалпы, биыл құрылыс саласы үшін ерекше табысты жыл. Облыс орталығында жыл басынан бері жалпы көлемі 128,0 мың шаршы метр тұрғын үй салынған.



## Данияр ЖҰМАДІЛ

Алғашқы болып облыс орталығындағы Павлов көшесі, 95/1 мекенжайы бойынша орын тепкен 72 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Ол бұрынғы атышулы Алюминстрой шағын ауданындағы екі қабатты ескі үйлердің орнына тұрғызылған. Осыдан екі жыл бұрын аталған жердегі апаттық жағдайда тұрған баспаналар сүріле бастаған еді. Жасыратыны жоқ, алғашында тұрғындар «мүлде баспанасыз қаламыз ба?» деп қорыққаны белгілі. Талай мәрте билік тарапына сын да айтылды. Алайда жергілікті атқамінерлер бірнеше жылдың ішінде осы аумақта «Сарыарқа» атты жаңа шағын аудан құрылады деп сөз берді. Уәде орындалуда.

Бұл - биыл «Сарыарқа» шағын ауданында пайдалануға берілген 4-інші тұрғын үй. Нысан «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынды. Жаңа тұрғын үйдің құрылысына жалпы сомасы 468 млн. 606 мың теңге жұмсалған.

Тұрғындардың қуанышын бөлісуге келген облыс әкімі Болат Бақауов аймағымыздағы құрылыс саласының қарқын алып келе жатқанын атап өтті.

- Алюминстрой шағын ауданындағы ескі үйлерге қатысты көптеген даулы өңгімелер болды. Бірақ сіздермен келісімге келіп, жаңа шағын ауданның құрылысы бойынша жобаны бастағанымызға қуаныштымыз. Алғашында қысқа уақыттың ішінде

жаңа көп қабатты тұрғын үйлердің салынатынына күмәнмен қарағандар да болды. Бірақ, мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың арқасында осы қуанышты күнге де жеттік. Облысымызда тұрғын үй құрылысы қарқын алуда. Бұл бағытта күш-қуатымыз бен мүмкіндігіміз сай келіп отыр. Соның арқасында «Сарыарқа» шағын ауданының құрылысы сәтті жүруде. Болашақта «Достық» шағын ауданының құрылысы басталады, - деді аймақ басшысы.

Қоныс тойын тойлағандардың қатарында Айгүл Баударбекова бар. Ол бұл күнді асыға күткенін айтады.

- Біз бұрынғы Алюминстрой шағын ауданындағы ескі үйлерде 20 жылға жуық уақыт тұрдық. Ескі үйіміз сүріліп, оның орнына көп қабатты тұрғын үйден пәтер беріледі дегенде күмәнмен қарағанымыз рас. Бірақ қуанышымызға орай үмітіміз ақталды. Жаңа үйден екі бөлмелі пәтерге ие болдық, -

дейді Айгүл Тасболатқызы.

Ал жаңа пәтерге ие болған Марина Кудревич бұл күні қос қуанышқа кенелді. Тұрғын үйдің бірнеше пәтерін аралап, құрылыс жұмыстарының сапасымен танысқан облыс әкімі Б.Бақауов көп балалы ананың баспанасына бас сұғып, тоңазытқыш сыйға тартты.

Атап өтерлігі, жыл соңына дейін «Сарыарқа» шағын ауданында тағы көп қабатты екі тұрғын үй пайдалануға беріледі. Ал келесі аялы осындай 8 үй тұрғындарға есігін айқара ашпақ.

Бұл күні Павлодар қаласындағы Суворов көшесі, 53 және 55 мекенжайы бойынша орын тепкен жаңа тұрғын үйлер де пайдалануға берілді. Оған пәтер кезегінде тұрған павлодарлық 360 отбасы қоныстанды. Жоба «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Аталған мақсатқа 3 млрд. 400 млн. теңге көлемінде қаражат жұмсалған.